

Бөкей ордасы ауданы Сайқын ауылдық округі Сайқын ауылының кейбір көшелерін қайта атау туралы

Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы Сайқын ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 27 шілдедегі № 45 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 18 тамызда № 3995 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарына сәйкес, Сайқын ауылы халқының пікірін ескере отырып және Батыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Сайқын ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бөкей ордасы ауданы Сайқын ауылдық округі Сайқын ауылының "Бисен Жәникешев" көшесі мен "Шәкір Жексенбаев" көшесі "Бисен Жәникешев" көшесі деп қайта аталсын.

2. Сайқын ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы (Ж. Мухитов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сайқын ауылдық округі әкімі

Б. Насиммулин